

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 26 қыркүйектегі № 27-VIII ҚРЗ.

2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбеде жасалған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (бұдан әрі - Ұйым немесе ҰҚШҰ) мүше мемлекеттер,

өзінің 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың мақсаттары мен қағидаттарына және оның шеңберінде қабылданған халықаралық шарттар мен құжаттарға бейілдігін растай отырып,

Тараптар қатысушылары болып табылатын 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияның ережелерін назарға ала отырып,

2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының мәртебесі туралы келісімді және 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт Ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының қалыптастырылу және жұмыс істеу тәртібі туралы келісімді іске асырудың тиімді тетігін жасау міндеттеріне сүйене отырып,

ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік жүйесі күштері мен құралдары құралымдарының (бұдан әрі - құралымдар) Ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында уақытша болуына

байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі ынтымақтастықтың қажеттілігін мойындай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

"құралымдардың құрамына кіретін адамдар (құралымдардың жеке құрамы)" - әскери қызметшілер, қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтердің, ішкі істер органдарының (полиция), ішкі әскерлердің (полиция әскерлері, ұлттық ұлан), төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою саласында уәкілеттік берілген органдардың қызметкерлері, сондай-ақ Тараптар бөлген әскери бөлімдерде, ұйымдар мен мекемелерде жұмыс істейтін немесе әскерлердің (күштердің) коалициялық және (немесе) өңірлік (біріккен) топтамасының құрамына уақытша іссапарға жіберілген адамдар;

"қызметтік міндеттер" - құралымдардың құрамына кіретін адамдар жіберуші Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес атқаратын әскери және (немесе) құқық қорғау (арнаулы) қызметінің міндеттері (еңбек міндеттері);

"құзыретті органдар" - әскери басқару органдары, әскери бөлімдердің командирлері, соттар, прокуратура, алдын ала тергеу (қылмыстық қудалау), ішкі істер (полиция) органдары, қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтер, басқа да органдар, орналасатын жерлерде осы органдар болмаған жағдайда осы Келісімде реттелетін мәселелер құзыретіне жататын олардың өкілдері;

"орналасатын жер" - жіберуші Тараптың құралымдары, сондай-ақ қабылдаушы Тарап бөлген жылжымайтын мүлік (жылжымайтын мүлік объектілері) уақытша орналастырылатын қабылдаушы Тарап аумағының бөлігі;

"кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері" - қылмыс іздерін, сондай-ақ дереу бекітуді, алып қоюды және зерттеуді талап ететін дәлелдемелерді табу және тіркеу мақсатында жүзеге асырылатын тергеу әрекеттері, оларға соның ішінде қарап-тексеру, тінту, алу, куәландыру, күдіктілерді ұстап алу және олардан жауап алу, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу жатқызылуы мүмкін.

Осы бапта көрсетілген терминдерден басқа, осы Келісімде 2010 жылғы 10 желтоқсандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының мәртебесі туралы келісімде қамтылған терминдер пайдаланылады.

2-бап

Ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында құралымдардың уақытша болуына байланысты юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша ынтымақтастық Тараптардың құзыретті органдары арқылы жүзеге асырылады.

Жіберуші Тараптың құзыретті органдары орналасатын жерлерге орналастырылады және өз қызметін жүзеге асырады.

Азаматтық және отбасылық істер бойынша ұстап беру, сондай-ақ құқықтық көмек көрсету мәселелері Тараптар арасындағы қатынастарда қолданылатын өзге де халықаралық шарттармен реттеледі.

Құқықтық көмек көрсету туралы өтіну, егер осындай көмек көрсету сұрау салынатын Тараптың егемендігіне немесе қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі не ұлттық заңнамасына қайшы келуі мүмкін болса, қабылданбауы мүмкін.

3-бап

Осы Келісімді қолдану кезінде Тараптардың құзыретті органдары, егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, өз құзыреті шегінде бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасайды.

Издестіріліп жатқан адамдарды ұстап алуға, күзетпен қамауға алуға (қамаққа алуға) және оларды басқа Тараптың құзыретті органдарына беруге, юрисдикцияны қабылдау (беру) және қылмыстық қудалау туралы сұрау салулар жіберуге, прокурордың (соттың) санкциясын талап ететін қылмыстық істер бойынша өзге де процестік әрекеттерді және жедел-издестіру іс-шараларын жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша қатынастар Тараптардың құзыретті органдары арқылы тізбесін депозитарийге хабарлайтын өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес немесе Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы өз құзыретіне жатпайтын сұрау салу келіп түссе, әдетте, бес күн мерзімде сұрау салуды дереу тиісті құзыретті органға жолдайды және бұл туралы бір мезгілде сұрау салушы Тараптың құзыретті органын хабардар етеді.

4-бап

Осы Келісімді орындау кезінде Тараптардың құзыретті органдары бір-бірімен қарым-қатынаста орыс тілін пайдаланады.

Құжаттар Тараптың мемлекеттік тілінде орындалған жағдайда оларға орыс тілінде куәландырылған аудармалары қоса беріледі.

5-бап

Жіберуші Тараптың юрисдикциясына:

жіберуші Тарапқа немесе жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кіретін адамдарға қарсы жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кіретін адамдар (жіберуші Тараптың әскери бөлімдерінде, ұйымдары мен мекемелерінде жұмыс істейтін қабылдаушы Тараптың азаматтарынан басқа) жасаған;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кіретін адамдар жасаған;

жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кірмейтін қабылдаушы Тараптың азаматтары - орналасатын жерде кезек күттірмейтін тергеу әрекеттері орындалғанға дейін қылмыс орнында ұстап алынған жағдайда, орналасатын жерде осындай адамдар жасаған қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтар жатады.

Жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кіретін адамдардың денсаулығына ауыр зиян келтіруге (ауыр дене жарақатын алуға), қаза табуына (оның ішінде, өзін-өзі өлтіруге) алып келген, аталған зардаптар өзге адамдардың күш қолдану әрекеттерінің салдарында туындамаған, орналасатын жерлерде болған оқиғалар да жіберуші Тараптың юрисдикциясына жатады. Қылмыстың немесе өзге де құқық бұзушылықтың белгілері анықталған жағдайда осы бапта айқындалған тәртіп қолданылады.

Жіберуші Тараптардың бірінің құралымының құрамына кіретін адам қабылдаушы Тараптың аумағында басқа жіберуші Тарапқа қарсы оның орналасатын жерінде құқық бұзушылық жараған жағдайда шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізуді орналасатын жерінде құқық бұзушылық жасалған жіберуші Тарап жүзеге асырады. Бұдан әрі тиісті материалдар құралымының құрамына кіретін құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыруды жалғастыру үшін басқа жіберуші Тарапқа беріледі.

Жіберуші Тарап өз юрисдикциясын орналасатын жерінде белгісіз адамдар жіберуші Тарапқа немесе жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кіретін адамдарға (қабылдаушы Тараптың азаматтарына қарсы жасалғандардан басқа) қарсы қылмыстар немесе өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда жүзеге асырады. Қылмыс немесе өзге де құқық бұзушылық жасаған адам анықталған кезде осы бапта айқындалған тәртіп қолданылады.

Қабылдаушы Тарап орналасатын жерлерде белгісіз адамның мәйіті табылған жағдайда өз юрисдикциясын жүзеге асырады. Қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары осы адамның құралымдар құрамына кіретін адамдарға тиесілілігі және қаза табуы өзге адамдардың күш қолдану әрекеттерінен болмағаны туралы дәлелдемелерді не оның қаза табуына жіберуші Тарап құралымдарының құрамына кіретін адамдардың қатысы бар екендігі туралы дәлелдемелерді алған жағдайда одан әрі юрисдикция осы баптың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Өзге қылмыстар мен құқық бұзушылықтар бойынша қабылдаушы Тараптың юрисдикциясы жүзеге асырылады және оның құзыретті органдары әрекет етеді.

6-бап

Тараптардың әрқайсысы өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз құралымдарының құрамына кіретін адамдарға және басқа Тарапқа (Тараптарға), оның (олардың) азаматтары мен заңды тұлғаларына қарсы қылмыстар жасаған күдіктілерге (айыпталушыларға) қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

7-бап

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімде белгіленген тәртіппен бір-біріне юрисдикцияны беру (қабылдау) туралы сұрау салулармен жүгіне алады. Мұндай сұрау салулар қысқа мерзімде қаралады.

Юрисдикция қабылданғаннан кейін одан әрі іс бойынша іс жүргізу юрисдикцияны қабылдаған Тараптың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы бапқа сәйкес жолданатын қылмыстық іспен бірге ұстап алынған күдіктілер (айыпталушылар), сондай-ақ іс бойынша жиналған дәлелдемелер беріледі. Юрисдикцияны қабылдаған Тараптың құзыретті органдары юрисдикцияны берген Тараптың құзыретті органдарын қылмыстық қудалау нәтижелері туралы хабардар етеді.

8-бап

Құралымдардың құрамына кіретін жіберуші Тараптың (Тараптардың) азаматынан (азаматтарынан) және қабылдаушы Тараптың азаматынан (азаматтарынан) тұратын адамдар тобы жіберуші және қабылдаушы Тараптардың юрисдикциясына жататын бір немесе бірнеше қылмыс жасаған жағдайда Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары басқа Тараптың азаматтарына қатысты жеке іс жүргізуге тиісті материалдарды бөледі, олар осы Келісімнің 7-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін осы басқа Тараптың құзыретті органдарына беріледі. Бұл ретте қылмыстық қудалауды Тараптардың бірлескен жедел-тергеу тобы жүзеге асыруы мүмкін.

Жіберуші Тарап (Тараптар) құралымдарының құрамына кіретін адамдар жіберуші және қабылдаушы Тараптарға қарсы бір немесе бірнеше қылмыс жасаған жағдайда қылмыстық қудалауды Тараптардың бірлескен жедел-тергеу тобы жүзеге асыра алады.

Құралымдардың құрамына кіретін жіберуші Тараптардың азаматтарынан тұратын адамдар тобы осы Тараптардың юрисдикциясына жататын бір немесе бірнеше қылмыс жасаған жағдайда Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары да басқа Тараптың азаматтарына қатысты жеке іс жүргізуге тиісті материалдарды бөледі, олар осы Келісімнің 7-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін осы басқа Тараптың құзыретті органдарына беріледі.

Қылмыстық іс материалдарын жеке іс жүргізуге бөлу және ұстап алынған адамдарды басқа Тарапқа беру, егер мұндай беру істі тергеп-тексеру мен шешудің жан-жақтылығына, толықтығына, объективтілігіне теріс әсер етсе, жүргізілмеуі мүмкін.

9-бап

Жіберуші және қабылдаушы Тараптардың юрисдикциясына жататын қылмыстарды жылдам және жан-жақты тергеп-тексеру мақсатында бірлескен жедел-тергеу топтары құрылуы мүмкін.

Бірлескен жедел-тергеу топтары Тараптардың ұлттық заңнамасына және олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес құрылады және жұмыс істейді.

10-бап

Қабылдаушы Тараптың юрисдикциясына жататын істер бойынша процестік және өзге де әрекеттерді, сондай-ақ орналасатын жерлерде жедел-ізвестіру іс-шараларын орындау қажет болған кезде мұндай әрекеттерді қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша жіберуші Тараптың құзыретті органдары не жіберуші Тараптың құзыретті органдарымен жазбаша келісу бойынша қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары жүргізеді.

Жіберуші Тараптың юрисдикциясына жататын істер бойынша процестік және өзге де әрекеттерді, сондай-ақ орналасатын жерлерден тыс жедел-ізвестіру іс-шараларын орындау қажет болған кезде мұндай әрекеттерді жіберуші Тараптың құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары не қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарымен жазбаша келісу бойынша жіберуші Тараптың құзыретті органдары жүргізеді.

Бір Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес оның құзыретті органдары алған, куәландырылған және белгіленген тәртіппен берілген дәлелдемелер, басқа Тараптың құзыретті органдары оны өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес алғандай заңдық күшке ие болады.

Тараптардың құзыретті органдары қылмыстар іздерін процестік іс жүргізу арқылы бекіту мәселелері, осы қылмыстарды жасаған адамдарды анықтау, ұстап алу, күзетпен қамауға алу және беру бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

Тараптар материалдар мен заттай дәлелдемелерді осы Келісімнің 4-бабында жазылған талаптарды ескере отырып, өздерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес тізімдеме бойынша береді.

Қабылдаушы Тарап жіберуші Тараптың құзыретті органдары өкілдерінің құралымдардың құрамына кіретін және қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары

ұстап алған немесе күзетпен қамауға алған жіберуші Тараптың азаматтарына еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Тараптардың бірінің ұлттық заңнамасы шеңберінде жүргізілген процестік әрекеттердің заңды күші болады және барлық Тараптар осылай таниды.

Тараптардың құзыретті органдары бір-біріне беретін құжаттар құзыретті органдардың елтаңбалы мөрімен куәландырылуға тиіс және қандай да бір арнайы куәландырусыз ресми ретінде танылады.

Сұрау салуларды Тараптардың құзыретті органдары олар келіп түскен күннен бастап мүмкіндігінше қысқа мерзімде орындайды. Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы осындай сұрау салу келіп түскен күннен бастап 10 тәулік ішінде сұрау салушы Тараптың құзыретті органын қабылданатын шаралар және оны орындау мерзімі туралы хабардар етеді.

11-бап

Бір Тараптың тиісті құзыретті органдары басқа Тараптың құзыретті органдарына осы басқа Тараптың юрисдикциясына жататын, қылмыстардың белгілері бар, өздеріне белгілі болған барлық іс-әрекеттер туралы дереу хабарлайды.

Құралымдардың құрамына кіретін адам жасаған іс-әрекетке байланысты қылмыстық істі қозғау (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау) туралы, сондай-ақ мұндай адамды ұстап алу, күзетпен қамауға алу (қамаққа алу), сотта істі тергеп-тексеру және шешу нәтижелері туралы қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары жіберуші Тараптың құзыретті органдарына кейінге қалдырмай хабарлайды.

Жіберуші Тараптың құзыретті органдары қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарына орналасатын жерлерде қылмыс орнында ұстап алынған қабылдаушы Тараптың азаматтарына қатысты қылмыстық істерді қозғау (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау) және кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүзеге асыру туралы кейінге қалдырмай хабарлайды және істерді (адамдарды) қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарына тездетіп беру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

12-бап

Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық іс бойынша өзінің юрисдикциясын жүзеге асыру және осы Келісімнің негізінде құқықтық көмек көрсету кезінде туындайтын шығындарды дербес көтереді.

Егер сұрау салуды орындау елеулі шығыстарды талап етсе, Тараптардың тиісті құзыретті органдары сұрау салу орындалуы мүмкін жағдайларды, сондай-ақ шығыстарды жабу тәртібін айқындау мақсатында консультациялар жүргізеді.

13-бап

Тараптар берілген ақпаратқа және оның дереккөзіне қатысты құпиялылықты сақтайды.

Сұрау салынатын Тарап сұрау салуға, оның мазмұнына, сұрау салуда көрсетілген адамдардың дербес деректері туралы мәліметтерге, қосымша құжаттарға, сондай-ақ осы Келісімді орындауға байланысты жасалған қандай да бір әрекеттерге қатысты, егер осы ақпаратты ұсынған құзыретті орган оны жария етуді қажет емес деп есептесе, құпиялылықты сақтайды.

Сұрау салуды құпиялылықты сақтап орындау мүмкін болмаған жағдайда, сұрау салынатын Тараптың құзыретті органы бұл туралы сұрау салушы Тараптың құзыретті органына хабар береді, ол сұрау салудың шарттарын өзгертеді не одан бас тартады.

Қылмыстық істер бойынша жедел-іздістіру іс-шараларын, процестік және өзге де әрекеттерді жүргізу барысында Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары басқа Тараптың құзыретті органынан тиісті қылмыстық істі тергеп-тексеру мақсатында алынған қызметтік сипаттағы ақпараттың және олардың жеткізгіштерінің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Тараптардың әрқайсысының құзыретті органдары осы бапта көзделген тәртіппен оларға хабарланбаған басқа Тараптың қызметтік сипаттағы ақпаратына қол жеткізген жағдайда, бұл туралы басқа Тарапты хабардар етеді және осы мәліметтердің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз етеді.

14-бап

Жіберуші Тараптың юрисдикциясына жататын істерді оның құзыретті органдары орналасатын жерлерде қарауы мүмкін.

Жіберуші Тараптың юрисдикциясына жататын істер бойынша қорғаушылар, сарапшылар және мамандар ретінде қабылдаушы Тараптың азаматтары қатыса алады.

Тараптардың құзыретті органдары процеске қатысушылардың сот отырысына, алдын ала тергеу және анықтау органдарына келуін қамтамасыз етуде өзара көмек көрсетеді, процеске қатысушыларды жіберуші Тараптың аумағына шақыру қажет болған жағдайда, Тараптардың құзыретті органдары Тараптар қатысушылары болып табылатын қолданылатын халықаралық шарттарды және осы Келісімнің 3-бабының ережелерін басшылыққа алады.

Тұруға жұмсалатын шығыстар, тәуліктік және көлік шығыстары, сондай-ақ жұмыста болмаған күндері үшін алынбаған жалақыны сұрау салушы Тарап куәға, жәбірленушіге, сондай-ақ процестің өзге де қатысушыларына өтейді. Сарапшының да сараптама жүргізгені үшін сыйақы алуға құқығы бар.

Адамның сұрау салушы Тараптың құзыретті органына келуі туралы шақыруда осы адамның қандай төлемдер алуға құқылы екендігі көрсетіледі. Осы адамның өтінуі бойынша оған тиісті шығыстарды жабуға аванс төленуі мүмкін.

Қабылдаушы Тараптың аумағында өз қызметін жүзеге асыратын жіберуші Тараптың құзыретті органына шақыру бойынша өз еркімен келетін куә, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ сарапшы келу туралы шақыруда көрсетілмеген және шақырылған адам орналасатын жердің шекарасын кесіп өткенге дейін жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық қудалауға ұшырамайды. Мұндай кепілдік шақырылған адам орналасатын жердің аумағынан кеткеннен кейін өз күшін жоғалтады.

15-бап

Қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары жіберуші Тараптың құзыретті органдарының сот шешімдері мен қаулылары бойынша күзетпен ұсталатын адамдарды ұстауды, оларды этаппен жөнелтуді, ал қажет болған жағдайда қабылдаушы Тарап аумағының шегінде айдауылмен алып жүруді қамтамасыз етеді.

Қабылдаушы Тарап қылмыстық іс жіберуші Тараптың құзыретті органдарының іс жүргізуінде болған кезеңде жіберуші Тараптың құзыретті органдары өкілдерінің өзінің аумағында күзетпен ұстау орындарындағы аталған адамдарға еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

16-бап

Қабылдаушы Тараптың аумағында тергеу, сот істерін, өзге де құжаттар мен заттай дәлелдемелерді алып жүру, күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталушыларды, сотталғандарды айдауылмен алып жүру және этаппен жөнелту кезінде, сол сияқты басқа да қызметтік міндеттерді орындау кезінде әскери қызметшілердің, қауіпсіздік органдары мен арнаулы қызметтер, ішкі істер (полиция), ішкі әскерлер (полиция әскерлері, ұлттық ұлан), төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою саласында уәкілеттік берілген органдар қызметкерлерінің және жіберуші Тараптың құзыретті органдары қызметкерлерінің, егер бұл жіберуші Тараптың ұлттық заңнамасында көзделген болса, өзімен бірге табельдік қаруы мен арнайы құралдары болуы мүмкін. Қару мен арнайы құралдарды орналасатын жерлердің шегінен тыс жерлерде қолдану тәртібі қабылдаушы Тараптың ұлттық заңнамасымен және Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен регламенттеледі.

Осы баптың 1-абзацында аталған адамдар жіберуші Тараптың құзыретті органдары куәландырған, шекараны кесіп өту мақсаты, тасымалданатын құжаттар мен мүліктің тізбесі туралы ақпаратты қамтитын шекараны кесіп өтетін адамдардың атаулы тізімін, сондай-ақ жіберуші Тараптың ұлттық заңнамасында белгіленген жеке басты куәландыратын құжаттарды көрсеткен кезде Тараптардың мемлекеттік шекараларын кесіп өтеді.

Қабылдаушы (транзиттік) Тараптың аумағында мөрленген жүктерді ашу жүргізілмейді.

Орамасы, пломбалары мен мөрлері болмаған немесе бұзылған кезде, сондай-ақ қабылдаушы (транзиттік) Тараптың құзыретті органдарында көрсетілген жүктер ретінде мұндай болып табылмайтын заттар алып өтіледі деп пайымдауға жеткілікті негіздер болған кезде осы жүктер қабылдаушы (транзиттік) Тараптың құзыретті органдарының құжаттық ресімделген уәжді шешімі негізінде жіберуші Тараптың құзыретті органдары өкілдерінің қатысуымен жете тексерілуі мүмкін. Мұндай жүктерді жете тексеру кезінде қабылдаушы (транзиттік) Тараптың ұлттық заңнамасы қолданылады.

17-бап

Құралымдардың құрамына кіретін адамдар қызметтік міндеттерін орындау кезінде өздері орналасқан жерлердің шегінен тыс жерлерде жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар (бұзушылықтар) туралы қабылдаушы Тараптың құзыретті органдары осы адамдарды әкімшілік қудалау үшін жіберуші Тарап құралымының қолбасшылығына хабарлайды.

Жіберуші Тараптың құзыретті органдары келіп түскен хабарлама бойынша жіберуші Тараптың заңнамасына сәйкес қабылданған шешім туралы қабылдаушы Тараптың тиісті құзыретті органдарына хабар береді.

18-бап

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан өзі үшін туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер бойынша құқықтық көмек көрсету мүдделі Тараптардың көрсетілген конвенциялардың қайсысының тарапы болып табылатынына қарай, 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға, 1997 жылғы 28 наурыздағы оған Хаттамаға не 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға, сондай-ақ Тараптар арасында жасалған екіжақты шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

19-бап

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде туындайтын даулы мәселелер мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

20-бап

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің 21-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін тиісті хаттамамен ресімделеді.

21-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді. Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарийге тиісті құжаттар тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде күшінде қалады.

22-бап

Әрбір Тарап осы Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді реттей отырып, шығу күніне дейін 6 (алты) айдан кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлама жолдай отырып, осы Келісімнен шыға алады.

2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбе қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Көшірме дұрыс:

ҰҚШҰ Хатшылығы

Құқықтық бөлімінің бастығы

_____ К. Голуб

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі мәтінге сәйкес аударылғанын растаймын.

ҚР ҚМ Халықаралық

Ынтымақтастық департаментінің

бастығы

полковник О. Хұсайынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК